



«AKADEMIHALYQ ADALDYQ LIGASY» JOGARY OQY ORYNDARYNYŇ QAYYMDASTYGY QAZAQSTAN RESPYBLIKASY, 010000, NUR-SULTAN QALASY, ESIL AÝDANY, QORGALJYN TAS JOLY, 8, 614 KAB.  
info@adaldyq.kz  
+7 7172 703018

АССОЦИАЦИЯ ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ «ЛИГА АКАДЕМИЧЕСКОЙ ЧЕСТНОСТИ» РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН, 010000, ГОРОД НУР-СУЛТАН, РАЙОН ЕСИЛЬ, ШОССЕ КОРГАЛЖЫН, 8, 614 КАБ.  
info@adaldyq.kz  
+7 7172 703018

ASSOCIATION OF HIGHER EDUCATIONAL INSTITUTIONS «ACADEMIC INTEGRITY LEAGUE» THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN, 010000, NUR-SULTAN CITY, ESIL DISTRICT, KORGALZHYN AVENUE, 8, 614 ROOM.  
info@adaldyq.kz  
+7 7172 703018

## «Академиялық адалдық негіз ретінде» бейне дәріс мазмұны бойынша Ситуативті кейстер

**КЕЙС №1.** Асқар демалыс күндерге туған қаласына кетіп қалып үй тапсырмасы – эссе жазуға үлгермей қалған екен. Ол интернетке кіріп тақырып бойынша ақпарат іздегенде сол тақырыпта дайын эссе тауып алған екен. Асқар дайын эссені жүктеп алып, құжатқа кішігірім өзгертулер енгізіп өз атынан тапсырды.

**Сұрақ:** Сіздер Асқардың әрекетін қалай бағалайсыздар? Ол академиялық адалдықты сақтады ма?

### ЖАУАП НҮСҚАЛАРЫ:

- 1) Ия, Асқар академиялық адалдықты сақтады, себебі ол құжатта кішігірім өзгертулер енгізді
- 2) Жоқ. Бұл мысалда студент интернеттен дайын эссені көшіріп алғандықтан, академиялық адалдық талаптарын бұзды

**ЖАУАП:** ЖОҚ. Бұл мысалда студент интернеттен дайын эссені көшіріп алғандықтан, академиялық адалдық талаптарын бұзды

**КЕЙС №2.** Әлия Алматы қаласының көрікті туристік жерлерінің фотосуреттерін дайындау бойынша тапсырма алды. Ол кітапханаға барып, журналдан дайын суреттерді тамашалады. Ертеңгісінде Әлия қалаға шығып, қаланың туристік жерлерін аралап, өз фотоаппаратына суретке түсірді, оларды басып шығарып, оқытушыға тапсырды.

**Сұрақ:** Әлияның әрекетін қалай бағалайсыздар? Ол академиялық адалдықты сақтады ма?

### ЖАУАП НҮСҚАЛАРЫ:

- 1) Ия, Әлия журналдағы суреттерді қарап тек шабыт, бағдар алып, фотосуреттерді өзі жасады. Ол академиялық адалдық ережелеріне сәйкес келеді.
- 2) Жоқ. Студент кітапханадағы журналды қарап шыққандықтан академиялық адалдық ережелерін бұзды

**ЖАУАП:** ИЯ. Әлия журналдағы суреттерді қарап тек шабыт, бағдар алып, фотосуреттерді өзі жасады. Ол академиялық адалдық ережелеріне сәйкес келеді.



«AKADEMIALYQ ADALDYQ LIGASY» JOGARY OQY ORYNDARYNYN QAYYMDASTYGY QAZAQSTAN RESPYBLIKASY, 010000, NUR-SULTAN QALASY, ESIL AYDANY, QORGALJYN TAS JOLY, 8, 614 KAB.  
info@adaldyq.kz  
+7 7172 703018

АССОЦИАЦИЯ ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ «ЛИГА АКАДЕМИЧЕСКОЙ ЧЕСТНОСТИ» РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН, 010000, ГОРОД НУР-СУЛТАН, РАЙОН ЕСИЛЬ, ШОССЕ КОРГАЛЖЫН, 8, 614 КАБ.  
info@adaldyq.kz  
+7 7172 703018

ASSOCIATION OF HIGHER EDUCATIONAL INSTITUTIONS «ACADEMIC INTEGRITY LEAGUE» THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN, 010000, NUR-SULTAN CITY, ESIL DISTRICT, KORGALZHYN AVENUE, 8, 614 ROOM.  
info@adaldyq.kz  
+7 7172 703018

**КЕЙС №3.** Мирас пен Арман «Экономика» пәнін оқып жатыр. Бұл пәннен оларға Қазақстанның соңғы 10 жылдағы демографиялық көрсеткіштерін талдауға тапсырма берді. Мирас статистикалық мәліметтері жинауға үлгермей, досы Арманнан дайын деректерді бөлісуді сұрап, оны өздігінше талдайтынын айтты. Арман досының өтінішіне келісім беріп, дайын деректермен бөлісті.

**Сұрақ:** Арманның әрекетін қалай бағалайсыздар? Ол академиялық адалдықты сақтады ма?

#### **ЖАУАП НҰСҚАЛАРЫ:**

3) Ия, Арман өзінің досымен деректердің бір бөлігімен ғана бөлісіп, талдау Мираның өзімен жасалғандықтан, бұл кейс бұзушылыққа жатпайды

4) Жоқ. Арманның әрекеті академиялық адалдық талаптарына сай келмейді. Деректерді жинау- тапсырманың ажырамас бөлігі. Ал тапсырманың жауаптарын басқалармен бөлісу – академиялық адалдық ережесін бұзу болып танылады.

**ЖАУАП:** ЖОҚ. Арманның әрекеті академиялық адалдық талаптарына сай келмейді. Деректерді жинау- тапсырманың ажырамас бөлігі. Ал тапсырманың жауаптарын басқалармен бөлісу – академиялық адалдық ережесін бұзу болып танылады.